

егемен

Қазықаспан

## Парламентаризм парасаты

Сенат Төрағасы Қайрат Мәмидің Австрия Республикасына сапары басталды Тәуелсіздіктің жиырма жылында тындырылған шаруаларды ой елегінен өткізе келгенде, солардың бәрінде Парламенттің өзіндік орны болғанын айқын ұғынамыз. Әсіресе, 1995 жылғы Конституция қабылданғаннан кейінгі кезеңде билік тармақтарының ара-қатынасы жаңаша, сындарлы сипатқа ие болып, қос палаталы жүйенің айқын артықшылықтары көрінді. Қазіргі таңда Парламенттің осы құрылымы жалпыелдік және өңірлік мүдделерді жарасымды біріктіруге мүмкіндік беріп, кең ауқымды парламенттік үнқатысуды жолға қоюға, заңнамаларды жетілдіруге жақсы жағдай жасап отыр. Бұл орайда Мәжілістен кейінгі әрі салмақты сүзгі, әрі соңғы сарапшы міндетін атқаратын Сенатқа артылар салмақ та айрықша. Сенат басшылығына жүктелер жауапкершіліктің бөлекше болатыны да содан. Сенат басшылығына келген азаматқа артылар аманаттың айрықша болатыны да содан. Бүгінде бұл абыройлы міндет Қайрат Мәмиге жүктеліп отыр. Енді, міне, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Қайрат Мәми осы жаңа, аса жауапты қызметінде алғашқы шет ел сапарына шығып отыр. Австрияға. Заманында жарты Еуропаны жайлап жатқан Австрия-Венгрия империясының асқақ астанасына, қазір де Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының штаб-пәтері орналасқан қалаға, яғни кәрі құрлықтың шартты түрдегі саяси астанасына. Жаһан жанары тігілген бұл шаһарда көп мәселе шешіліп, талай түйін тарқатылып жатады. Вена көпжақты дипломатияның маңызы жөнінен екінші халықаралық орталығы болып саналады. Бірінші орталық БҰҰ штаб-пәтері орналасқан Нью-Йорк екенін өзіңіз біліп отырсыз. Венадағы МАГАТЭ, УНП ООН, ОДВЗЯИ, ОПЕК деген сияқты сан алуан ұйымдардың бірінің атом энергиясын бейбіт мақсатқа пайдалануда, бірінің есірткімен, қылмыспен күресте, бірінің ядролық сынақтарға тыйым салу жөніндегі шарттың орындалуын қадағалауда, бірінің бүкіл әлемдегі мұнай экспортын үйлестіруде ерекше орны бар. Осы ұйымдардың (біз атап жатпағандары да баршылық) бір қалаға шоғырланғаны Австрияның халықаралық саясаттың сипатын айқындайтын мемлекеттердің алғы шебінен табыларын танытады. Жалпы, қазір кәрі құрлық дағдарысты бастан кешуде дегенмен, қиналыс үстінде деудің еш артықтығы жоқ. Дефолтқа ұшырап, бүк түсіп жатқан Ирландия анау, тап сондай қатер төніп, бүкіл Еуропа жабылып жүріп құтқарып қалуға жанталасып жатқан Грекия анау, күні соған жетеғабыл болып кете ме деген қауіп туғызып отырған Италия анау. Еуро күйресе, Еуропа да күйрейді демей-ақ қояйықшы, дегенмен, бұл жақтағы жағдайдың күрделілігін көрмеу мүмкін емес. Осындай жағдайда да экономикасы мығым мемлекеттердің бірі болып отырғаны Австрияның әлеуетінің күштілігін анық аңғартады. Біз осында келген күннің кешінде әлемге әйгілі Вена операсында болған едік. Сонда елшіміз Қайрат Әбдірахманов театрдың жеті қабатты балкондарын көрсете отырып, атақты Вена балы кезінде балкондағы әр бөлмешіктің құны ...40 мың еуроға дейін жететінін айтты. Әр бөлмешікте сегіз орын бар ғой дегеннің өзінде әр орынның бағасы 5 мың

еуро болғаны да аз ба? Аз емес қой. Оның үстіне Вена балына келгендер сол сегіз орынға ығы-жығы отыратындар емес қой, бір бөлмеде екі адам ғана отыруы да мүмкін. Бұған сол балкон билеттерінің бірер ай бұрын сатылып кететінін қосып айтсақ, кешегі империя астанасының сән-салтанатын, яғни халықтың әл-ауқатын сезіне аламыз. Ал бұған осындай елдің өзінде кейінгі кезде әлеуметтік шығындарды қысқарту, салықты көбейту саясаты жүргізіліп жатқанын қосып айтсақ, оған сегіз миллионнан сәл ғана астам халықтың жарты миллионын қазірдің өзінде мұсылмандар құрағанына байланысты соңғы жылдарда дінаралық ахуалдың ушығып кеткенін, бүгінде австриялықтардың 60 пайызы елде мешіттер, мұнаралар тұрғызуға қарсы екенін, 54 пайызы мемлекетке басты қатер исламнан төнгелі тұр деп санайтынын қосып айтсақ, Қазақстанда әлемдік қаржы дағдарысы тұсында да әуелде уәде етілген жақсылықтардың – жалақы өсірудің, зейнетақы көбейтудің, шәкірт-ақы арттырудың жасалғанының қадір-қасиеті, біздегі тыныш ахуалдың, ұлтаралық, дінаралық, тіларалық келісімнің бағасы айшықты ашыла түседі. Тек солардың бәрі бірінен кейін бірі өзінен өзі келіп жатқандай, елдегі ахуал осылай болуға тиісті болғандықтан, осылай болып тұрғандай көрудің керегі жоқ. Айтқандай, мұсылмандар демекші, мұндағы мұсылмандардың 90 пайызы түріктер. Ал түріктердің тарихта Венаны талай рет тітіреткені белгілі. Мұндағылар «Түріктер Венаға бай кезінде де келген, кедей кезінде де келді» деп әзілдейді екен. Жарты миллионға жуық түріктен осындағы парламентке жалғыз депутат қана сайланғаны да ойға қалдырмай қоймайды. Венада болашақта Әлемдік діндер мен өркениеттер үнқатысуының орталығы ашылғалы жатқаны тіптен де тегін емес. Бұл да осы қаланың әлемдік саясаттағы орнын арттыра түсетін факторлардың біріне айналатын болса керек. Кеше таңертең салтанатты Хофсбург сарайында Қазақстан Парламенті Сенатының Төрағасы Қайрат Мәми осы елдің Федералды президенті Хайнц Фишермен кездесті. Төраға өз сөзін мемлекет басшысының туған күніне орай Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың құттықтауын жеткізуден бастады. Онда Қазақстан-Австрия қарым-қатынастарының жоғары деңгейге жетуіне көңіл толушылық білдіріліп, осы істе Федералды президент атқарып келе жатқан ірі шаруаларға разылық сөздері, игі тілектер айтылған. Федералды президент Хайнц Фишер Елбасымыздың құттықтауына алғысын айта келіп, «Мен өзімнің Қазақстанға өткен жылдың желтоқсан айында жасаған сапарымды айрықша жылы сезіммен еске аламын. Сол жолы мен Президент Нұрсұлтан Назарбаевты көрнекті мемлекет қайраткері ретінде де, кең жүректі адам ретінде де жақынырақ тани түстім. Жақында Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының сессиясында Президент Назарбаевпен қайта кездескеніме қатты қуанып қалдым», деді. Хайнц Фишер – әлемдік саясаттағы танымал тұлғалардың бірі. Социал-демократтардың отыз жыл бойы қолы жетпей келе жатқан Федералды президент қызметіне осы кандидатураны қолдау арқылы 2004 жылы қолы жеткенін, ал 2010 жылы өткен сайлауда Хайнц Фишердің бұл қызметке сайлаушылардың 80 пайыздық дауысын алғанын айтсақ, көп жай аңғарылады. Х.Фишер ойшыл жазушы ретінде де белгілі. Оның дипломатиялық дарыны 1990-2002 жылдар

ішінде Ұлттық кеңестің төрағалығы қызметіне қайта-қайта сайланған тұсында айрықша танылыпты, сол кезде Парламенттің фракциялары арасындағы дау-жанжалдарды жайғастырудағы шеберлігі, мәмілегерлік мәдениеті үшін «Соломон» деген атқа ие болған екен. Қандай шиеленген түйінді де тарқатпай тынбайтын Сүлеймен патшаның даналығы белгілі ғой. Қайрат Мәми Қазақстан-Австрия қарым-қатынастарының сындарды үнқатысу, өзара сенім тұрғысында дамып келе жатқанын атап айтып, тараптар көптеген халықаралық мәселелер бойынша ұқсас көзқарастар ұстанатынына разылығын білдірді. Екі ел саяси байланыстар жөнінен көп ілгерілеуге қол жеткізді. Сауда-экономикалық ынтымақтастық қарқынды дамып келеді. Қазақстан Австрияның ТМД елдері арасындағы сауда айналымы жөнінен үшінші орын алатын әріптесі болып табылады. Ал біздің Еуропамен саудасаттық жасауымызда Австрия алдына төрт елді – Италияны, Францияны, Германия мен Нидерландыны ғана түсіреді екен. Австрияның жері де шағын, елі де аз мемлекет екенін ескерсеңіз, бұл – үлкен көрсеткіш. Тараптар екі елдің жан-жақты қарым-қатынастары алдағы кезде де жемісті жалғаса беретініне сенім білдірді, оларды дамыта түсудің жолдары жөнінде пікір алмасты. Сондай қадамдардың нақты біреуі ретінде 2010 жылы Алматыда Австрияның экономикалық өкілдігі ашылғаны разылықпен аталды. Хайнц Фишердің Қазақстанға 2010 жылғы алғашқы ресми сапарын жоғары бағалай келіп, Қайрат Мәми біздің еліміздің басшылығы екі мемлекет арасындағы саяси және экономикалық ықпалдастықты одан әрі тереңдете түсуді жақтайтынын атап көрсетті. Және Федералды президентке Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың сыртқы саяси бастамаларын дәйім қолдап келе жатқандығы үшін алғыс айтты, келесі жылдың мамыр айында Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының кезекті IV съезі ашылатынынан хабардар етті. Қазақстанның да, Австрияның да парламентаралық байланысты беркіте түсуге бейімдігі Сенат Төрағасы Қайрат Мәмидің кеше түс әлетінде Австрия Федералды жиналысы Ұлттық кеңесінің төрбасы Барбара Праммер ханыммен кездесуінде де қуатталды. Тараптар парламентаралық үнқатысуға қазірдің өзінде жақсы негіз қаланғанын атап өтті. Австрия Парламентінде Орталық Азия елдеріндегі әріптестермен ынтымақтастықтың бастамашыл тобы бар екен. Еліміздің осы өңірдегі өсе түскен орнына орай енді Қазақстан Парламентімен ынтымақтастық жөнінде жеке топ құру туралы әңгіме көтеріліп жүр. Біздегі ондай топқа Сенаттан – 7, Мәжілістен 17 депутат кіреді. Қайрат Мәми өз әріптесін Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына дайындық барысынан хабардар етті, Сенаттың заң шығарушылық міндеті туралы қысқаша әңгімелеп берді. Кездесу кезінде парламентаралық байланыстар мемлекетаралық байланыстардың маңызды құрамдас бөлігі екені тағы да қуатталды. Сенат спикері Барбара Праммер ханымды өзіне қолайлы уақытта Қазақстанға ресми сапармен келіп қайтуға шақырды. Праммер ханымның кездесуден жақсы әсер алғаны сөзінен де, жүзінен де көрініп тұрды. Кездесудің ресми бөлігі аяқталғаннан кейін ол Қайрат Мәмиді Австрия Парламентінің мәжіліс залын көрсетуге арнайы алып барды. Демократия отаны саналатын Грекия архитектурасы мәнерімен салынған бұл

зал өте сирек жағдайларда ғана ашылады екен. «Ғимарат қай кезде тұрғызылған?» деп сұрады Сенат Төрағасы. «Бертінде, 135 жыл бұрын», деді Праммер ханым». «135 жыл да аз тарих емес», деді Қайрат Әбдіразақұлы. Рас. Қос палаталы, кәсіби парламентімізге он бес жылдан жаңа асып жатқан біздей ел үшін Батыс демократиясының алатын тұстарынан ала білудің маңызы зор болмақ. Кеше түстен кейін тағы бір маңызды іс-шара өтті. Австрия Парламентінің бір топ депутаты қатысқан дөңгелек үстел басындағы әңгіме «Қазақстандағы саяси даму және парламентаризм» деген тақырыпқа арналды. Сенат Төрағасы Қайрат Мәми қысқа да нұсқа сөз сөйледі. Австриялық әріптестерге делегация құрамындағы сенаторларды – Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Қуаныш Сұлтановты, Әділ Ахметовті, Рашид Ахметовті, Анатолий Башмаковты таныстырып өткен Төраға өз сөзінде парламентаризм Қазақстан Республикасындағы бүгінгі саяси үдерістің ең басты белгілерінің бірі болып отырғанын нақты мысалдармен айтып шықты. Жоғары заң шығарушы орган аса маңызды мемлекеттік міндеттерді шешуге белсене атсалысуда, реформаларға құқықтық қолдауды жедел қамтамасыз етіп келеді. Тәуелсіздіктің таңсәрі шағының өзінде бізде тиісті заңнамалық арқау жасалды, қоғам өмірінің ең басты салаларын реттейтін заңдар қабылданды. Ел парламентаризмінің тынысын ашқан негізгі жай, әрине, 1995 жылы қабылданған Конституция. Содан бергі кезеңде Мәжіліс пен Сенат қолдаса отырып, 1900-ден астам заң жобаларын талқыдан өткізіп шыққаны қандай қыруар шаруа атқарылғанының айғағы. Заң шығарушылық қызметтің дәйім шетелдік әріптестермен байланыста, халықаралық құқыққа қиғаш келмеуі ойластырылып жүргізілгені белгілі. «Ел тәуелсіздігін орнықтыру жолында талай күрделі мәселелерді еңсеруге тура келді. Бастапқы белесте өтпелі кезеңнің сұранысына сай келетін тиімді басқару көлбеуін орнықтыру керек болды. Экономикада түбегейлі реформаларды жүзеге асыру, инфляцияны ауыздықтау, әлеуметтік жағдайды қалыпқа түсіру, егемен мемлекеттің тиісті институттық және құқықтық айшықтарын – басқару аппаратын, мемлекеттік органдарды құру қажет етілді. Өзіміздің қаржылық және салық жүйемізді, ұлттық заңнамамызды қалыптастырдық», деді Қайрат Әбдіразақұлы. Біздің жас мемлекет ретінде жиырма жылдың ішінде Батыстың кем қойғанда екі ғасырдағы жолын жүріп өткенімізді аңғарта алған Қ.Мәми осы істің бел ортасында Қазақстан Парламенті тұрғанын нақты мысалдармен әңгімелеп берді. 2007 жылы Конституцияға енгізілген өзгерістердің арқасында Парламент Үкімет жұмысына ықпал етудің жаңа, қосымша тетіктеріне ие болып отыр. Парламенттің рөлі оның республикалық бюджетті қарау, бекіту және оның орындалуын бақылау жөніндегі құқының кеңеюіне байланысты да арта түсіп отыр. Сонымен бірге, Қайрат Әбдіразақұлы Қазақстан парламентаризмі даму үстінде, инновацияларға ашық күйде екенін айтып, алдағы кезде мемлекет дамуының басты арналарын айқындауда парламентаризмнің рөлі қазіргіден де арта түсуі мүмкін деген ойын да ортаға салды. Дөңгелек үстел басында жалпы парламентаризм төңірегінде қызғылықты пікірталас өрбіді. Австрия Парламентінде өткен ол кездесу жай-

ында газеттің ертеңгі нөмірінде сәл толығырақ жазатын болармыз. Ал қазірше бүгін Астанада өтетін Қазақстан–Австрия матчында отандастарымызға алыстан тілеуші бола тұрайық. Сенат Төрағасы Қайрат Мәмидің Австрия Республикасына сапары бүгін жалғасады.

Сауытбек Абдрахманов, «Егемен Қазақстан» – Венадан.